

"Электр энергиясының тенгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1508 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 1417 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 750 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.09.2015 № 750 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і !

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Электр энергиясының тенгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1508 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 1, 17-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Электр энергиясының тенгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Электр энергиясының тенгерімдеуші нарығының жұмыс істеу жағдайында тенгерімдеуші нарық субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау тетігін пысықтау, Қазақстан Республикасының бірынғай электр жүйесіндегі электр энергиясын өндіру-тұтынудағы тенгерімсіздіктің нақты шамаларын айқындау, реттеуші қуатқа қажеттілігін нақтылау, тенгерімдеуші электр энергиясының бағалар ауқымын айқындау мақсатында тенгерімдеуші нарықтың жұмысы 2016 жылға дейін имитациялық режимде жүзеге асырылады.».

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

C. Ахметов